

**Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі
№ _____ ШАРТ**

Алматы қ.

«__» _____ 2023 жыл

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын азамат (ша) _____ Т.А.Ә., ЖСН _____, жеке куәлігі № _____, Қазақстан Республикасы ПМ «__» _____ ж. берген, сенімхат бойынша өкілі, оның ішінде бостандығынан айыру мекемелерінде отырған тұлғалардың бостандығынан айыру мекемелерінің бастықтары куәландырған сенімхат бойынша өкілі, тергеу изоляторларында отырған тұлғалардың тергеу изоляторларының бастықтары куәландырған сенімхат бойынша өкілі _____ Т.А.Ә., ЖСН _____, жеке куәлігі № _____, Қазақстан Республикасы ПМ «__» _____ ж. бетген, сенімхат № _____, берілген күні «__» _____ ж., бір тараптан және

бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры Алдашева Нәйля Ахметовна ұсынатын «Құрмет Белгісі» орденді Көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екінші тараптан, бірлесе «Тараптар» деп, ал бөлек келгенде «Тарап» деп атала отырып, ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі осы Шартты (бұдан әрі – «Шарт») төмендегі туралы жасасты:

1. Шарттың мәні

- 1.1. Жеткізуші ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) _____ (операция/манипуляция/процедура) осы Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес, ҚҚС қоспағанда _____ (_____) теңге мөлшеріндегі ақша сомасына көрсетеді.
- 1.2. Жеткізуші Тапсырыс берушіге медициналық қызметтерді (көмекті) 2023 жылғы «__» _____ бастап 2023 жылғы «__» _____ дейінгі мерзімде көрсетеді.
- 1.3. Тапсырыс беруші Жеткізушіге көрсетілген медициналық қызметтері үшін осы Шарттың 2.1-тармағына сәйкес ақы төлейді.

2. Төлем тәртібі

- 2.1. Тапсырыс беруші Жеткізушінің медициналық қызметтері үшін осы Шарттың 1.1-тармағында белгіленген алдын ала төлемді Прейскурантқа сәйкес 100 % мөлшерде төлейді.
- 2.2. Егер ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) ұсыну барысында Шартта көзделмеген ақылы негіздегі қосымша медициналық қызметтерді (көмекті) ұсыну қажеттігі туатын болса, Жеткізуші Тапсырыс берушінің келісімімен, нақты көрсетілген медициналық қызмет (көмек) көлемін ескере отырып, Шарт сомасын түзетеді. Қосымша сома және оны төлеу тәсілі Тапсырыс берушімен келісіледі және Шартқа қосымша келісім түрінде ресімделеді.
- 2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Жеткізуші Тапсырыс берушіге оның төлем жасағанын растайтын құжаттарын береді.
- 2.4. Қызметтер мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге төленген сома мен нақты көрсетілген медициналық қызмет (көмек) арасындағы айырманы төлеп береді, Тапсырыс беруші Шарт талаптарын бұзған жағдайларды қоспағанда.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. Жеткізуші міндетті:

- 3.1.1. Медициналық қызметтердің (көмектің) ауруларды диагностикалау және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес көрсетілуін қамтамасыз етуге (осы нозологиялар бойынша клиникалық

хаттамалар болмаған жағдайда, жалпы қабылданған тәсілдерге және медициналық көрсетілімдер бойынша дәлелді медицина базасына сәйкес) көрсетілуін қамтамасыз етуге;

3.1.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген медициналық қызметтердің (көмектің) нәтижесіне барынша қанағаттануын қамтамасыз етуге қажетті шаралардың барлығын қабылдауға;

3.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілген медициналық қызметтердің (көмектің) түрлері мен көлемі көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ресімделген шот-фактураны белгіленген мерзімдерде ұсынуға, консультация қорытындысын/ауру тарихынан алынған үзінді-көшірмені қосқанда;

3.1.4. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 273-бабына сәйкес медицина қызметкерінің құпиясын сақтауға;

3.1.5. Пациентті тек алдын ала жазылу бойынша қабылдауға.

3.2. Тапсырыс беруші міндетті:

3.2.1. Жеткізуші белгілеген, жұмыс тәртібі мен кестесін айқындайтын ережелерді сақтауға;

3.2.2. Шарт бойынша медициналық қызметті (көмекті) алу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

3.2.3. Медициналық қызметті (көмекті) немесе медициналық қызметтің (көмектің) бір бөлігін алудан бас тартатыны туралы Жеткізушіге Шартта белгіленген медициналық қызмет (көмек) көрсетілетін күннен бір және одан көп күн бұрын хабарлауға;

3.2.4. Жеткізушіге медициналық қызметтері (көмегі) үшін 100 % алдын ала төлем жасауға.

3.2.5. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Жеткізушіге Қызметтерді көрсетуге қажетті барлық ақпаратты, оның ішінде медициналық препараттарды қабылдағаны туралы, Қызметтерді көрсетуге немесе олардың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін болған жеке ерекшеліктері туралы хабарлауға, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық нұсқауларын бұлжытпай орындауға;

3.2.6. Жеткізушіге өзінің жеке басын қуәландыратын құжатын (жеке куәлік, төлқұжат, тұруға ықтиярхат, туу туралы куәлік және басқа) ұсынуға және ұсынылған құжаттағы мәліметтердің Тапсырыс берушінің төлқұжаттағы шынайы деректеріне сәйкес келетініне дербес жауап беруге.

3.2.7. Жеткізушінің мүлкіне ұқыппен қарауға;

3.2.8. Үшінші тұлғалардың (Жеткізушінің пациенттерінің) құқықтарын бұзатын іс-әрекеттерді жасамауға;

3.2.9. Жеткізушінің ұсынымдарын орындауға;

3.2.10. Жеткізушінің медициналық ұйымында агрессия танытпауға, жат мінез-құлық көрсетпеуге, алкогольдік, есірткілік және басқадай мас күйінде келмеуге;

3.2.11. Әдеп нормаларын сақтауға, медицина қызметкерлеріне былапыт сөйлеуден, әбес қылықтар (белгілер) мен заттар көрсетуден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан көрінген құрметтемеушілігін танытпауға;

3.2.12. Дәрігердің кабинетіне оның шақыруы бойынша кіруге. Дәрігердің кабинетінде қабылдау жүріп жатқан кезде оған шақыртусыз кіруге тыйым салынады;

3.2.13. Жеке бас гигиенасын сақтауға;

3.2.14. Эпидемия (жіті респираторлық вирустық инфекция және басқа) кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауға, жеке қорғаныш құралдарын қолдануға: респираторлық инфекциядан қорғануға арналған, дәкеден тігілген немесе басқадай бетперде тағуға;

3.2.15. Әрбір инвазиялық араласу алдында Тапсырыс беруші ақпарат беретін келісім парағын оқып, оған қол қоюға міндетті;

3.2.16. Тапсырыс беруші және оны ертіп жүретін адамдар Жеткізушінің өндірістік базасына келген кезде оның мүлкіне ұқыппен қарауы қажет. Кез келген мүлік түріне залал келтірген жағдайда (жоқ қылу, бүлдіру, бұзу және т.б.) кінәлі адам Жеткізушінің өндірістік базасына келтірілген шығынды талап етілген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ерікті түрде өтеп береді, немесе әкімшілік оны кінәлі адамнан заңмен белгіленген тәртіппен өндіріп алуға құқылы болады;

3.2.17. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзін-өзі емдеумен айналыспауға, өзінің іс-әрекеттерін дәрігермен алдын ала келісіп алмайынша тәуіптердің, дәстүрлі емес медицина дәрігерлерінің, сондай-ақ өзге медициналық ұйымдардың ұсынымдарын орындамауға және олардан ем қабылдамауға;

3.2.18. Көрсетілген Қызметтердің нәтижесін қабылдау барысында, Тапсырыс беруші белгілі болған кемістіктер туралы Жеткізушіге дереу хабарлауға міндетті. Егер көрсетілген Қызметтердің нәтижесін қабылдау барысында, Тапсырыс беруші Жеткізушіге қандай да бір қарсылықтарын жеткізбеген болса, немесе Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші көрсетілген

Қызметтердің нәтижесін қабылдаудан дәлелді себептерсіз бас тартатын болса, Қызметтер көрсетілген болып, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің нәтижесін ешқандай қарсылықсыз және ескертусіз қабылдаған болып саналады;

3.2.19. Тапсырыс беруші Қызметтерден олар аяқталмай тұрып бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге оның нақты тартқан шығындарын төлеп беруге міндетті, шығын көлемін Жеткізуші айқындайды және Тапсырыс берушінің Қызметтерден бас тартатыны туралы хабарламасын алған сәтке дейін шыққан шығындарына байланысты болады, оған пайдаланылған ресурстар, реагенттер, дәрі-дәрмектер, жұмсалған материалдар және басқасы кіреді. Тапсырыс берушінің Қызметтерден олар көрсетіліп болғаннан кейін бас тартуы тараптардың келісімен немесе тиісті сараптамаңың көмегімен анықталған дәлелді себептер бар болған жағдайда ғана іске асады.

4. Тараптардың құқықтары

4.1. Тапсырыс беруші құқылы:

4.1.1. Емдеуші дәрігерді ақылы медициналық қызмет (көмек) көрсететін дәрігерлердің ішінен таңдап алуға;

4.1.2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 «Медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21727 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, жүргізілген емдеудің сапасы мен дәрігер тағайындаған емнің негізділігіне сараптама жасалуына;

4.1.3. Кез келген уақытта Жеткізушінің қызметіне араласпастан, Жеткізушінің Тапсырыс берушіге көрсететін Қызметтерінің барысы мен сапасының тексерілуіне бастамашы болуға;

4.1.4. Жеткізушіден өзінің денсаулығына, ұсынылып отырған диагностикалау және емдеу әдістеріне қатысты қосымша түсініктеме беруін талап етуге, егер бұрын берілген түсініктемелерді түсінбеген болса.

4.2. Жеткізуші құқылы:

4.2.1. Тапсырыс беруші осы Шартта белгіленген ережелерді бұзған жағдайда, емді мерзімінен бұрын тоқтатуға;

4.2.2. Қызметтерді уақытынан бұрын көрсетуге;

4.2.3. Жеткізушіге бағынбайтын мән-жайлар себепті, оның ішінде зертханалық зерттеу нәтижелері күдікті болған жағдайда, сондай-ақ үшінші тұлғалардың әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан Қызметтерді көрсету мерзімін бір жақты тәртіппен ұзартуға;

4.2.4. Мынадай жағдайларда Қызметтерді көрсетуден Тапсырыс берушінің шығындарын өтеместен бір жақты тәртіппен бас тартуға және Жеткізуші Шарт тоқтатылған сәтке дейін нақты көрсетіп үлгерген Қызметтер үшін ақы төленуін талап етуге:

4.2.4.1. Тапсырыс беруші Жеткізушінің Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарын сақтамаған жағдайда, оның ішінде Тапсырыс берушінің сондай әрекеттерінің салдарынан Қызметтерді көрсету мүмкін болмай қалған жағдайда;

4.2.4.2. Тапсырыс берушіде емдеу-алдын алу шараларын жүргізуге қарсы көрсетілімдер анықталған жағдайда;

4.2.4.3. Тапсырыс беруші Жеткізушінің ұсынымдарын орындамаған жағдайда;

4.2.4.4. Тапсырыс беруші нақты қызмет түрлерін көрсетуге қажетті құжаттарды ресімдеуден (оларға қол қоюдан) және/немесе ақпарат беретін ерікті келісім парағына қол қоюдан бас тартқан жағдайда;

4.2.4.5. Қызметтерді қауіпсіз көрсету мүмкін болмай қалған жағдайда;

4.2.4.6. Қызметтерді көрсету Тапсырыс берушіге кері әсерін тигізуі мүмкін болған жағдайда;

4.2.4.7. Тапсырыс беруші Шарт талаптарын орындаудан және/немесе Қызметтерді алудан бас тартқан жағдайда;

4.2.4.8. Тапсырыс беруші Жеткізушінің өндірістік базасында агрессиямен, жат мінез танытқан жағдайда, алкогольдік, есірткілік және басқадай мас күйінде келген жағдайда;

4.2.4.9. Тапсырыс беруші әдеп қағидаларын сақтамаған жағдайда.

4.2.5. Жеткізуші қызметтерді көрсетуден бір жақты тәртіппен бас тартқан немесе Шартта белгіленген нормаларды орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартқан және/немесе Тапсырыс беруші Қызметтерді алудан бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс беруші төлеп қойған, Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс ақша қаражатынан Жеткізушінің нақты тартқан шығындарының құнын ұстап қалуға құқылы.

4.2.6. Жеткізуші Шарттың 4.2.4.3; 4.2.4.7; 4.2.4.8; 4.2.4.9. тармақтарында белгіленген нормалар негізінде Қызметтерді көрсетуден бір жақты тәртіппен бас тартқан жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс беруші төлеп қойған, Тапсырыс берушіге қайтарылуы тиіс ақша қаражатынан Жеткізушінің нақты тартқан шығындарының құнын ұстап қалуға құқылы.

4.2.7. Тапсырыс беруші медицина қызметкерінің нұсқауларын, ұсынымдарын және тағайындаған емін бұзған жағдайда, Жеткізуші сондай бұзушылықтарды білген сәттен бастап осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, егер медициналық қызметтерді көрсетуді тоқтату Тапсырыс берушінің өміріне және қоршаған ортадағы адамдардың денсаулығына қауіп төндірмейтін болса. Мұндай жағдайда нақты көрсетілген қызметтердің құны қайтарылмайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің денсаулығының нашарлағаны үшін жауап бермейді.

4.2.8. Тапсырыс беруші осы Шартта баяндалған өзін-өзі дұрыс ұстау қағидаларын сақтамаған жағдайда Жеткізушінің қызметкерлері Тапсырыс берушіге қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

4.2.9. Жеткізуші Тапсырыс беруші Жеткізушіге қандай да бір айыппұл санкцияларын қолданбастан, алдын ала жазылу туралы шарттарды орындағанға дейін Тапсырыс берушінің пациентіне қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Жеткізуші ақылы медициналық қызметтерді көрсету бойынша жол берілген бұзушылықтар үшін жауап береді:

5.1.1. Тиісті көлемдегі және сападағы медициналық қызметтерді көрсетпеу;

5.1.2. Бір ғана медициналық қызметті көрсеткені үшін екі есе ақы алу (Тапсырыс берушінің қаражаты және бюджет қаражаты есебінен).

5.2. Осы Шартта көзделген міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5.3. Тапсырыс беруші Жеткізушінің нақты көрсеткен медициналық қызметтері (көмегі) үшін тартқан шығындарын уақытылы өтеп бермегені үшін жауапты болады.

5.4. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.5. Медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі осы Шарттың 2-бабының 2.1-тармағы Тапсырыс беруші тарапынан бұзылған жағдайда Жеткізуші кешіктірілген әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,5 %-ы мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

5.6. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6. Форс-мажор

6.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауап бермейді, егер ол форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан болған болса.

6.2. Егер Шартты орындауды кідіртіп қоюы форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан болған болса, Жеткізуші тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе Шарт талаптарын орындамағанына байланысты Шарттың бұзылғанына жауапты болмайды.

6.3. Шарттың мақсаттарында «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және төтенше сипатқа ие оқиғаны білдіреді. Ондай оқиғаларға: соғыс амалдары, табиғи немесе кенеттен болған апаттар және басқасы жатады, бірақ бұлармен шектелмейді.

6.4. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда Жеткізуші бір және одан көп жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге не оның сенімхат бойынша өкіліне сондай мән-жайлар мен олардың себептері туралы хабарламаны шұғыл түрде жолдауы тиіс. Егер Тапсырыс берушіден не оның сенімхат бойынша өкілінен өзге жазбаша нұсқаулықтар түспейтін болса, Жеткізуші өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын жалғастыра береді және Шартты орындаудың форс-мажорлық мән-жайларға тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздейді.

7. Шартты өзгерту және бұзу

7.1. Осы Шарттың талаптары Тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

7.2. Шартты мерзімінен бұрын бұзғысы келетіні туралы Тараптар бір-біріне үш және одан көп жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

7.3. Осы Шартты бұзуға Тараптардың келісуі бойынша немесе сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздемелерге сәйкес жол беріледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Тараптардың ешқайсысы өзінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқылы емес.

8.2. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерін орындап болғанға дейін қолданылады, Шарт мерзімінен бұрын бұзылатын жағдайларды қоспағанда.

8.3. Осы Шарт бірдей заң күшіне ие екі данада жасалды, бір данасы Тапсырыс берушіде не оның сенімхат бойынша өкілінде болады, екінші данасы Жеткізушіде болады. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, Шартты қағаз жүзінде және электронды түрде жасауға болады.

8.4. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің арасында осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.5. Осы Шартта көзделмеген барлық мәселелерде Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

9. Тараптардың мекенжайы мен деректемелері:

«ТАПСЫРЫС БЕРУШІ»

«ЖЕТКІЗУШІ»:

«Құрмет Белгісі» орденді Көз аурулары

Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көшесі 95 А

БСН 990240009173

«Bank RBK» Банкі» АҚ

ЖСК KZ8482110W5010000026

БСК KINCKZKA

БЕК 17

Тел.: 8 (727) 233 17 86

Бас директор

Алдашева Н.А.

М.О.

**Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету жөніндегі
№ 2023/___ Шарттың
№ 1 қосымшасы**

Қызметтер тізбесі

№	Қызмет нөмірі	Қызмет атауы	қызмет түрі / өлшем бірлігі	саны	бағасы (теңге)	сомасы (теңге)
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						

Барлық төленетін сома: _____ теңге.

«ТАПСЫРЫС БЕРУШІ»:

«ЖЕТКІЗУШІ»:

«Құрмет Белгісі» орденді Көз аурулары Қазақ ғылыми-зерттеу институты» ЖШС

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 95 А

БСН 990240009173

«Bank RBK» Банкі» АҚ

ЖСК KZ8482110W5010000026

БСК KINCKZKA

BeK17

Тел.: 8 (727) 233 17 86

Бас директор

_____ **Алдашева Н.А.**

М.О.